

Амангелді орта мектебінің 3 – сынып
оқушыларымен жүргізілген тәрбие
жұмысы жөнінде қорытынды талдау
2022 – 2023 оқу жылы

Жыл басында 3 – сыныпта 18 оқушы оның – 11 - сі қыз бала , 7 – уі ұл бала . Келген – кеткен оқушылар болған жоқ.

Жыл бойына осы оқушылардың тәрбиесі , оқу мәселесі бойынша әртүрлі жұмыс тар жүргізіліп келді . Оқушылардың тазалығы , оқулықтарының ұсталуы , сабаққа қатысымы жөнінде ата – аналарымен жұмыстар жүргізіліп отырды . Жыл ішінде сабақтан себепсіз қалған оқушылар болған жоқ .

Әлеуметтік жағдайына келсем оқушылардың 7 – еуі көпбалалы отбасынан , 7 – еуі толық отбасынан 1 оқушы толық емес отбасынан , 2 оқушы аз қамтылған отбасынан және 1 оқушы сәтсіз отбасынан : Қашқынов Ербол.

Оқушылармен жүргізілген тәрбие жұмысындағы оң нәтижелер :

- Оқушылармен бірлесе атқарылған жұмыстардағы жетісіктерге тоқталсам , оқушылар көп жағдайда өз бетімен ұйымдасып , топқа бөлініп жұмыстар атқарғанды ұнатады .
- Жалпы сыныптағы жеке тапсырылған қоғамдық жұмыстарда белсенділік көрсеткен оқушылар : Мұнаева Әлия , Мұхамбетова Саулет, Мұрат Гүлжайнар ,Мұрат Ернұр Абзалұлы Исламбек , Айғалиқызы Еркеназ , Сағидолла Нұрахмет, Аманжолова Айкөркем, Тастемірова Айару.
- Атқарылған тәрбиелік шаралардың оқушылардың дамуына әсері зор деп ойлаймын , өйткені олар тәрбие сағаттарында өз белсенділіктерімен қатар , өздерін еркін ұстап көшбасшылық қабілеттері артады .

Оқушылармен жүргізілген тәрбие жұмысындағы кемшіліктер :

- Алдын ала белгіленген мақсаттардың кей жағдайда орындалмауы оқушылардың арасында берілген тапқа , өлеңдерді дұрыс жаттамай келуі , ауылдық жерде материалдық жағдайдың қиындығы , мысалы : костюмдер тігіп киюге ата – аналар тарапынан қолдаудың болмауы да әсерін тигізеді деп ойлаймын .
- Оқушылардың кейбіреуі өзіне қойылған талап шенінен көріне алмай қалып жатады .Оның себебі , кейбір оқушылар жауапкершілікті кейде сезінбей жатады .
- Оқушы , ата – ана , педагогтар мен психологпен бірлесе жоспарланған шараларды орындау қорытындысы орташа нәтиже беретін тұстары да бар . Айта кетсем , психолог тарапынан мен сынып жетекшісі ретінде өз ойым : меніңше , мектеп психологы бізге әрбір оқушының психологиялық тұрғыдан ол бала қандай типтегі (мінез – құлқы , мысалы : сангвиник т. б.) ең бірінші темпераментін анықтап берсе .

Сонда ол баланың ерекшелігін білгеннен кейін жұмыс жасау оң нәтиже бере ме дегенім .

- Алыс – жақын уақытта класс ұжымында (жеке тұлға) проблема шиеленіседі деп өз сыныбым бойынша айта алмаймын , өйткені бастауыш сынып оқушылары болған соң.
- Класс ұжымымен жүргізілген тәрбие жұмысындағы ата – аналар атқарған қызметтерді айтатын болсам , сынып ата – аналары өзара түсіністікпен жұмыс жасады деп айтуға болады . Наурыз тойы, Жаңа жыл мейрамдарында ата – аналар өзара ұйымшылдық танытты . Наурыз көже , сыныпты безендіру , оқушыларды сынып жетекшісімен бірге дайындық жұмыстарына да көмектерін берді .
- * Ата – аналарды қандай әдіс – тәсілдер арқылы тәрбие жұмысына қызықтырып , тарттыңыз ? Меніңше , ата – аналарға тек қана баласының сабаққа дайын еместігін кешігіп келетінін , тентек болады деген сөздерді айтумен шектелмей оларға осыларды қалай болдырмау керектігін қане, екеулеп ақылдасып шешсек қайтеді ? немесе бұған сіздің айтар ойыңыз қандай деп ата – анаға сенім артуымыз қажет деп ойлаймын .

Қыркүйек айында : Білім күні «Тәуелсіздік жетістіктері » «Қазақ тілі – менің ана тілім « «Мен отбасыммен мақтанамын» «Біз табиғат жаашырымыз» »Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі»

Қазан айында «Туған жер – алтын бесік» «Біз әдепті баламыз » «Табиғаттағы және адам өміріндегі судың маңызы» «Нағыз қазақ - домбыра»

Қараша айында «Әдептілік – әдемілік белгісі» «Тыйым сөздерді біле жүрейік !» «Кітап – жан азығы»

Желтоқсан айында :«Киелі сандар» «Орман , су – біздің байлығымыз» «Үнем – қоғам қуаты»

Қаңтар айында «Қазақтың ұлттық дәстүрлері туралы» «Ойыл өзені неліктен тартылып бара жатыр деп ойлайсыз ?» «Гепатит пен тұмаудың алдын алу» «Қоғамға қызмет» әңгімелему – пікіралысу сынып сағаттары өткізілді .

Ақпан айында «Балаға жүрек жылуы » «Қорықтардың маңызы» «Музей – халқымыздың асыл қазынасы » музей сабақтары жобасы аясында сынып сағаты «Білім сүйгіш оқушы» оқуға құштар мектеп жобасы аясында сынып сағаттары өтіледі .





Наурыз айында «Ана – өмір шырағы» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Мектепшілік Наурыз мейрамына дайындық сыныбымен бірлесіп **«Наурыз – жыл басы!!!»** тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Бұл шараға оқушылармен бірге ата – аналар да қатынасып, қазақтың салт – дәстүрі тұсау кесу рәсімін көрсетті.

Балалар қазақтың ұлттық ойындары асық ату, қол күрес, арқан тартыс ойындарын ойнап, жеңімпаз топтар анықталды. Наурыз көже, жеті нан пісіріліп, балалар қазақтың ұлттық тағамдары құрт, ірімшік, айран ішті. Бәрінің жасалу жолдары айтылды.



Сынып белсенділерінің жұмыстары қадағаланып отырылды . Яғни оқулықтардың тазалылығы , сыныптағы гүлдерді суару , күту жұмыстарымен қатар мүліктерді таза ұстау , оларды сындырып , бүлдірмеуге мұғалім тарапынан ескерту айтылып отырды .



Оқушылардың Тәуелсіздік күніне арнап өз қолымен салған туындылары



Кері байланыс : «Алма ағашы»

«Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында «Кітап – жан азығы» тақырыбында сынып сағаты өтілді. Оқушылар ауылдық кітапханадан өздеріне ұнайтын кітаптар , балалар журналдарын алып , оқыған кітаптарымен сыныпта бөлісті , бір – біріне сұрақтар қойды .







Жылдық қорытынды ата – аналар жиналысынан

Оқу жылының қорытындысынды мақтау қағазымен марапатталған оқушылар:

Оқу озаттары : Абзалұлы Исламбек , Мұнаева Әлия , Мұрат Ернұр ,Мұхамбетова Саулет , Сағидолла Нұрахмет .

Екпінділер : Айғалиқызы Еркеназ , Жанболатқызы Зарина ,Қанатбай Нұрислам,Мейрамбек Нәби,Мұрат Гүлжайнар.

Орташа оқитындар : 8 оқушы .Себепсіз сабақ жіберген оқушылар жоқ . Сыныптың оқу сапасы : 53 %

Соңғы қоңырау салтанатты жиынына қатынасып , «өте жақсы» , «жақсыға» аяқтаған оқушылар мақтау қағаздарымен

марапатталды . Оқушыларымыз жазғы демалыс лагеріне қатынасады . Оқушыларға жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздік шаралары таныстырылды.

Оқушылардың жеке іс – қағаздары толтырылып , ата - аналарға таныстырылып , қолдары қойылды .

26 мамыр – 17 маусым аралығында 11 оқушы «Жазғы мектепке» қатыстырылып оқытылды .

Сынып жетекші : Мусирова Л.